

Астана қаласының аумағында ВИЧ/СПИД эпидемиясына қарсы іс-әрекеттер жөніндегі 2002-2005 жылдарға арналған бағдарлама туралы

Күшін жойған

Астана қалалық мәслихатының шешімі 2002 жылғы 2 мамырдағы N 156/30-II. Астана қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 25 мамырда тіркелді. Тіркеу N 199. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 285/35-III шешімімен

*Ескерту - Астана қаласы мәслихатының
2006 жылғы 21 қыркүйектегі N 285/35-III шешімінен
үзінді:*

Заннамалық нормалардың өзгеруіне және жекелеген шешімдердің қолданыс мерзімдерінің өтуіне байланысты Астана қаласының мәслихаты шешім қабылдауды:

1. Қосымшаға сәйкес Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің қүші жойылған деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қүшіне енеді.

*Астана қаласы мәслихатының
сессия төрағасы*

Астана қаласы мәслихатының хатшысы

*Астана қаласы мәслихатының
2006 жылғы 21 қыркүйектегі
N 285/35-III шешіміне қосымша*

*Астана қаласы мәслихатының қүшін жойған кейбір
шешімдерінің тізімі*

1. Астана қаласы мәслихатының 2002 жылғы 2 мамырдағы N 156/30-II "Астана қаласының аумағында ВИЧ/СПИД індегі қарсы курес жөніндегі 2002-2005 жылдарға арналған бағдарлама туралы" шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 199 номірмен тіркелген, 2002 жылғы 30 мамырда "Астана ақшамы" газетінде жарияланды);

...

Астана қаласы мәслихатының хатшысы

Астана қаласының әкімияты ұсынған Астана қаласының аумағында ВИЧ/СПИД эпидемиясына қарсы іс-әрекеттер жөніндегі 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламаны қарап, Қазақстан Республикасы K951000_ Конституциясының 86-

бабының және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148_ 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы

Заңының 6-бабының негізінде Астана қаласының мәслихаты былай деп ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған Астана қаласының аумағында ВИЧ/СПИД
эпидемиясына қарсы іс-әрекеттер жөніндегі 2002-2005 жылдарға арналған
бағдарлама бекітілсін.

Астана қалалық мәслихаты
сессиясының төрағасы

Астана қалалық мәслихаты
хатшысының міндетін
атқарушы

Астана қалалық мәслихатының
2002 жылғы 2 мамырдағы
N 156/30-II шешімімен
бекітілген

2002-2005 жылдарға арналған
Астана қаласы аумағында ЖҚТБ/АҚТҚ
індегіне қарсы іс-әрекет жөніндегі
БАҒДАРЛАМА

АСТАНА - 2002 жыл
Паспорт

бағдарламаның негізгі параметрлері

Бағдарламаның атауы 2002-2005 жылдарға арналған Астана қаласының
аумағында

ЖҚТБ/АҚТҚ індегіне қарсы іс-әрекет жөніндегі
бағдарлама

Бағдарламаны "Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індегіне қарсы
әзірлеу үшін іс-әрекет жөніндегі мемлекеттік саясаттың
негіздеме тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы N 1808 Р001808_
қаулысы

Бағдарламаның Астана қаласы денсаулық сақтау департаменті
негізгі
әзірлеушілері

Бағдарламаның АҚТҚ инфекциясының таралу барысын төмендету және
мақсаты мен Астана қаласының аумағында таралғандығын бір қалыпқа
міндеттері келтіру

Бағдарламаның Алматы және Сарыарқа аудандары әкімдерінің
негізгі орындау. аппараттары, Астана қаласы денсаулық сақтау, білім,
шылары қаржы, мәдениет департаменттері, ішкі істер
басқармасы, бұқаралық ақпарат қуралдары

Бағдарламаны іске 2002-2005 жылдар аралығы
асыру мерзімі

Бағдарламаның АҚТҚ-ның алдын алу шаралары туралы халыққа ақпар беру
негізгі іс-шара. жүйелерін дамыту;
ларының тізбесі тәуекелшіл топтардың құрамы арасында ЖҚТБ таралуын
алдын алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру; АҚТҚ
жұқпасын эпидемиологиялық қадағалауды, диагностикалық
және емдеу шараларын жетілдіру; АҚТҚ-ның таралуын
түрактандыруға бағытталған іс-шараларын үйлестіру мен
басқаруды әрі қарай жетілдіру, бағдарламаның
орындалуын бақылауды жүйеге келтіру; халықаралық және
қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық

Қаржыландыру Жергілікті бюджеттен 98937 мың теңге сомасында
көздері мен қаржыландыру жоспарлануда, оның ішінде:
көлемі (2002 жылғы 2002 жылға - 22584 мың теңге;
баға көлемінде) 2003 жылға - 24007 мың теңге;
2004 жылға - 25423 мың теңге;
2005 жылға - 26923 мың теңге;
бюджеттен 11409,7 мың теңге, сомасында қосымша қаржы
тарту, оның ішінде ЖҚТБ орталығына 10780,1 мың теңге,
көліктегі ішкі істер басқармасына 98,0 мың теңге, ішкі

істер басқармасына 531,6 мың теңге

Бағдарламаны Астана қаласының аумағында АҚТК-ның таралу қарқынын іске асырудан бәсендету, ЖҚТБ-сы бар ауру адамдардың санын азайту күтілетін арқылы еңбекке жарамды халықтың ысырабын азайту нәтижелер

Бағдарламаның Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау орындалуын Министрлігіне және Астана қаласы әкімиятына жарты бақылауды жылда 1 рет Бағдарламаның орындалу барысы туралы ұйымдастыру ақпараттар ұсыну және мониторинг өткізу жүйесі

1. Кіріспе

Осы Бағдарламаны әзірлеу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы Р001808_ "Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індегіне қарсы іс-әрекет жөніндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасы туралы" Қаулысы негіз болды.

Откен жылды АҚТК инфекциясына қарсы іс-қимыл жүйесін дамытуда маңызды рөлін атқарған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 ақпандағы N 193 Р960193_ қаулысымен бекітілген "1996-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның алдын алу және онымен курес жөніндегі шаралар жоспарының" қолданылу мерзімі аяқталды.

Осы жоспарды жасау кезінде ЖҚТБ/АҚТК-ның таралу мәселесі денсаулық сақтау секторы проблемаларының шеңберінен әлдеқайда кең және барлық әлеуметтік секторларға қатысты екенін түсіну негіз болып табылды.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Z970111_ 1997 жылғы 19 мамырдағы, "ЖҚТК ауруының алдын алу туралы" Z946000_ 1994 жылғы 5 қазандағы Зандарының, Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы Жарлығымен U984153_ бекітілген "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасының және "Қазақстан Республикасындағы ЖҚТБ індегіне қарсы іс-әрекет жөніндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасы туралы" 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 Р011207_ "Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індегіне қарсы 2001-2005 жылдарға арналған Бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5

желтоқсандағы N 1808 Р001808_ қаулысының ережелеріне негізделеді.

Бұнда БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың ЖҚТБ-ның алдын алу мәселелері бойынша ұсынымдары ескерілген.

2. ЖҚТБ/АҚТҚ таралуымен байланысты жағдайды талдау

490,6 мың халқы бар елордасы - Астана қаласының жалпы көлемі 71 мың гектар жерді құрайды. Қала тұрғындарының 64,4 пайызы еңбекке жарамды, ал 10,2 пайызы еңбек ету жас шамасынан асқандар. 15-29 жас шамасындағы азаматтар арасындағы АҚТҚ инфекциясы бар адамдардың негізгі тіркелген саны

28 пайыздар жуығын құрайды.

Астана қаласы Қазақстан Республикасының көршілес облыстары мен жақын және алыс шет елдерден келген қоныс аударушылар орнына айналып кетті. Екі жыл ішінде қала халқының саны қоныс аударушылар есебінен 150 мың адамнан асты. Оның ішінде, АҚТҚ індегін әкелуіне қауіп төндіретін ер адамдардың саны

басымды болғаны.

Экономика, сауда, қызмет көрсету нарығының дамуы АҚТҚ-ның жұғуы қаупін күшеттептін бұрын орын алмаған коммерциялық жыныстық қатынастың таралуына әкеліп соқты. Осындай жағдайда халықтың арасында жыныстық қатынас арқылы таралатын аурулардың өсуі АҚТҚ-ның жұқтыру қаупіне әкелуі мүмкін.

Ауғанстаннан, Ресей мен Шығыс Еуропа елдеріне героинді заңсыз тасымалдаудың жолы болып табылатын Қазақстанның географиялық жағдайы ел халқының есірткі саудасы мен инъекциялық есірткілерді тұтыну, сондай-ақ жыныстық қызмет көрсету саласына, яғни АҚТҚ-ның таралуымен байланысты қызметке тартылуы ықтималдығының жоғары болуына алғышарт жасайды.

2.1. ЖҚТБ/АҚТҚ-ның мінез-құлқы қатерлі топтар ішінде таралу жолдары

1987 жылғы ең алғаш рет тіркелуінен бастап Қазақстан Республикасында 2001 жылдың соңында АҚТҚ ауруына шалдыққандардың жалпы саны 2522-ке жетті.

Астана қаласында АҚТҚ індегіне диагностикаландардың жалпы саны 2001 жылдың соңында 21 адамды құрады, олардың ешқайсысында ЖҚТБ клиникасы өркендеуі байқалмаған.

I-кесте

АҚТҚ-сы бар адамдарды жылдар бойынша бөлу

АКТҚ	Жылдар
инфекциясы	
анықталған	1997 1998 1999 2000 10 ай
(адамдар)	Барлығы 2001 жыл
3 6 4 4	21

АКТҚ-сы бар тіркелген адамдардың жалпы санының тек төртеуі Астана қаласының тұрғыны болып табылады. 1997-2001 жылдар аралығында АКТҚ-сы бар адамдар 15-39 жас шамасындағы топтарды құрайтыны анықталды. АКТҚ анықталған жағдайлардың 73,6 пайызында қоздырғыш есірткі инъекциялармен берілген.

Инфекцияның жыныстық қатынаспен таралуының үлесіне тағы да 5,9 пайызы тиеді, ал 17,6 пайызында инфекцияның таралу жолы анықталмай қалып отыр.

Талдау АКТҚ-сы бар адамдардың 59 пайызы пенитенциялры орындарда, төртеуі, яғни 23 пайызы емдеу-профилактикалық үйымдарда, 6 пайызы - 1 адам донорлардың тексеруінде және 12 пайызы анонимді қатысуышылардың арасында екендігін көрсетті.

Осындай жағдайда тіркелгендердің құрылымын ескерсек, Астана қаласында АКТҚ инфекциясы таралуының 79 пайыздан астамы инъекциялық есірткі тұтынудың жолымен таралады деп айтуда болады. Сондықтан да, халықтың мінез-құлқы қатерлі топтарына аса көңіл бөлу қажет. 2000 жылдың маусым-шілде айларының аралығында Астана қаласында тіркеуде жоқ есірткі тұтынушылардың арасында өткізілген дозорлық эпидемиологиялық бақылау (199 зерттеу) және 2001 жылы (180 зерттеу) бойынша, АКТҚ инфекциясына шалдыққандар анықталды.

Жалпы 2001 жылы АКТҚ-ға есірткі тұтынушылардың 1027 қан сарысусы лабораториялық зерттеуден өтті. АКТҚ-сы бар адамдар анықталған жоқ. Сондықтанда, қауіпті топтардың арасында уақытында алдын алу шараларын өткізу арқылы ЖҚТБ/АКТҚ-ның таралуын төмендетуді сақтауға мүмкіншілік береді деп тұжырымдауға болады.

2.2. Астана қаласында инъекциялық есірткіні тұтынуды бағалау және инъекциялық есірткіні тұтынушылар (ИЕТ) арасында АКТҚ-ның таралуын анықтайтын себептер

Қаланың наркологиялық қызметімен тіркелген ИЕТ саны 2002 жылдың басында 1331 адамды құрады. ЖҚТБ мәселелерімен айналысатын БҰҰ сарапшыларының бағалауына сәйкес Астана қаласында ИЕТ-тің нақтылы саны 8 м ы ң г а ж е т т і .

Өткізілген зерттеулер қорытындысы бойынша, 1997 жылдан бастап есірткіге тартылғандардың басымы (89 пайыз) бөлігі 20-25 жас шамасындағы жастар, есірткіні тұтынушылардың 85 пайызы ер адамдар, 94 пайызы есірткі тұтынуды жиырмадан асқанда бастаған, ал күніне есірткіні бірнеше рет қолданатындардың да са н ы с о л м ө л ш е р д е .

Есірткіні тұтынушылардың инъекциялық түріне көшудің уақыт мерзімі 2000 жылды 11-ден 2-6 ай шамасына жетті. Инъекция үшін барлық жерде пайдаланылатын басымдықты есірткі-героин болып табылады.

ИЕТ-ке сұрау салу мәліметтері бойынша АҚТҚ ауруының жүғуына қауіп тұғызатын жағдайлар :

1. Есірткі инъекциясы үшін ортақ инені пайдалану.
2. Қайта пайдаланылатын инелердің санынан есірткілердің ерітінділерін жи нау .
3. Есірткіні дайындау процесінде адам қанын пайдалану. Бірде бір есірткі тұтынушы есірткіні қайтадан қолдану кезінде пайдаланылған инелерді тиімді тазалауды қамтамасыз ете алмайтындығынан дерптің жүғу қауіптілігі өрши түседі .

Астана қаласының ЖҚТБ-ның алдын алу және күресу жөніндегі орталықтың есірткі қызметі ұйымдарында есепте тұратын нашақорлар арасында 2000 жылы жүргізілген есірткі тұтынушыларға әлеуметтік саулалардың көптеген мәліметтері инъекциялық есірткіні қолдану кезінде АҚТҚ-ны болдырмаудың жолдары туралы ИЕТ-тің өте аз білетінін айқындағы. ИЕТ-тің 7,5 пайызы ғана (студенттер) тиімді алдын алу туралы түсінігі бар.

ИЕТ-тің басым көпшілігі ретсіз жыныстық қатынасқа түседі. ИЕТ-тің презервативті пайдалану деңгейі 20 пайыздан аспаған.

Дерматология және жыныстық қатынас ауруларының алдын алу, емдеу орталығының мәліметіне қарағанда ИЕТ арасында жыл сайын сифилис ауруына шалдыққандар табылып отыр. Соның өзінде, саулалардың көрсеткеніндей, ИЕТ-тің жартысынан азы тері-венерологиялық қызметтер ұйымдарынан медициналық көмек алуға дайын .

Ахуалды бағалауға сәйкес 2000-2001 жылдары орындалған ИЕТ-тің 90 пайызы есірткі қолдануды жалғастыру ниетінде, тек әрбір оныншысы ғана тиісті тиімді медициналық жәрдем берілген жағдайда оны қолдануды тоқтатуға әзір.

Есірткі енгізуіндің қазіргі тәжірибелерін ескере отырып, таяудағы 2-3 жыл

ішінде Астана қаласында ИЕТ-тің өз инфекциясы ошақтары пайда болған жағдайда инъекция арқылы 4 мыңға жуық адамға АҚТҚ жұғуы жөнінде болжам жасалды.

2.3. Коммерциялық жыныстық қатынас және халықтың жыныстық мінез-құлқы қауіпті топтарында АҚТҚ таралуын анықтайтын факторлар

Астана қаласында ағымдағы жылдың басында бір мезгілде күніне 250-ге жуық коммерциялық жыныстық қатынас қызметкерлері жұмыс істеді.

Соңғы екі жылда КЖҚҚ-не деген сұраныс күрт есіп кетті. Бұған себеп:

халықтың көшпенділігі, секс қызметін тұтынушылардың әлеуметтік мәртебесі, олардың отбасынан алшақтығы, есендіреулер, алкоголизация.

Көшедегі коммерциялық жыныстық қатынас қызметкерлері, әдетте, клиенттері белгілейтін жерлерде жыныстық қатынасқа түседі, соның ішінде қауіпсіз жыныстық қатынас шарттарының сақталуын бақылауға алу мүмкіндігін төмендетеді. Қылмыстық топтардың өкілдері, жыныстық ауытқулары бар, алкогольдік немесе нашақорлық масандығы салдарынан өзін өзі билей алмайтын адамдар көшедегі КЖҚҚ-ның клиенттері болуы жиі кездеседі. Көшедегі КЖҚҚ клиенттері тарапынан зорлық көрсетілуіне жиі ұшырайды.

Жыныстық қатынас қызметі қонақ үйлерде көрсетіледі және телефон арқылы шақырылады. Жыныстық қатынас бизнесімен айналысатын әйелдердің дені есірткі қолданбайды, презерватив пайдаланады.

Сонымен қатар, жыныс қатынасы ауруынан емделмекші болған жезөкшелер мен олардың клиенттерінің көбеюі - презервативсіз қауіпті жыныстық қатынасқа жол беретінін дәлелдейді.

Аталмыш бизнесен айналысатындар негізінен 20-22 жас шамасындағы Қарағанды, Теміртау, Степногорск, Ақмола облысы және Ресейдің көршілес облыстарынан келген әйелдер. Жезөкшелердің мардымды бөлігі есірткі тұтынуға құштарлы.

Коммерциялық жыныстық қатынас қызметкерлерінің бірен сараңы ғана жыныстық қатынас ауруларын емдеу мақсатымен тері-венерологиялық емханаларының қызметін қажет етеді.

Жыныстық жолмен берілетін инфекцияны емдеу мақсатында, аурулар көп жағдайда жекеменшік медициналық құрылымдардың қызметін пайдаланады немесе өзін-өзі емдеумен шұғылданады, ал кейбіреулері ешқандай емдеу шараларын қажет етпей жүре береді.

Бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдар халықтың айрықша топтарына жатады. Олар Астана қаласының аумағында АҚТҚ инфекциясын таратуға қатысы бар адамдардың 59 пайызын құрады, 10 адамның барлығы да

инъекциялық есірткі тұтынушы екендігі анықталды. Қолданыстағы ережелерге сай, пенитенциарлы мекемелердегі адамдар АКТҚ инфекциясына тексеруден өтеді, инфекция табылған жағдайда, олар оқшауланады.

2.4. Жастар арасында АКТҚ таралуының ерекшелігі

Астана қаласының 15-29 жас шамасындағы тұрғындарының саны қала тұрғындарының 28 пайызын құрайды.

2000-2001 жылдары ЖҚТБ-мен құрес және оның алдын алу жөніндегі орталықтың қала жасөспірімдерімен жүргізген сұрау салудың мәліметтері бойынша, қала мектеп оқушыларының 2-ден 4 пайыз жасөспірімдер инъекциясыз жолмен есірткі тұтынып үлгірген, ал кейбір жоғары оқу орындарында осы жолмен есірткі қабылдағандардың саны 14-тен 23 пайызға дейін жетеді.

Социологиялық зерттеулерге қатысқан жауап берушілердің пікірінше, есірткі тұтыну жастар мәдениетінің құрамдас бөлігіне айналды. Осындай мәліметтер жастар арасында есірткі тұтынуға жол бермей, оның алдын алу шараларын үлғайта түсу қажеттігін дәлелдейді.

13-пен 17 жас аралығындағы 335 жауап берушінің 50 пайызы жыныстық қатынасқа түсіп үлгерген, ал 10 пайызы ЖЖБИ-ге шалдыққаны туралы х а б а р л а д ы .

Нақ осындай сауалдарға жауап берген 1575 адамның 67 пайызы - ер адам, 77 пайызы - әйелдер, жыныстық қатынас барысында презервативтерді үнемі қолданбайтынын немесе жалпы қолданудан бас тартатынын мәлімдеді.

2.5. Қорытынды

Сөйтіп, қазіргі уақытта Астана қаласында АКТҚ-ның инъекциялық жолмен таралу жолдары неғұрлым басым болып табылады, дәлірек- есірткіні инъекция арқылы енгізу жолымен. АКТҚ-ның таралуының маңыздылығы бойынша екінші орында жыныстық жолмен таралуы .

Инъекциялық есірткі тұтынуды тәжірибеле енгізгендердің саны баға берушілердің мәліметімен қалада 8-8,5 мың адамды құрайды. Осы топ өкілдері АКТҚ-ның таралу және оны жүқтывмау жолдары жайлы түсініктері өте төмен. Осының салдарынан, аурудың топ ішінде тез тарап, қауіпті жағдай тудыруына ықтималдығын арттырады .

Көптеген кездейсоқ әріптестерімен жыныстық қатынастарға жиі түсетін халықтың тобы АКТҚ-ның жұғуы тұрғысынан алғанда, қауіпті мінез-құлық ұстануда. Жыныстық қатынас арқылы жұғатын аурулардың жоғарғы деңгейі АКТҚ-ның таралуы мен жұғуын арттыра түседі. Халықтың осы тобының АКТҚ

инфекциясын алдын алу туралы мағлұмматтануы өтө төмен.

Соның салдарынан, бірқатар коммерциялық түрде жыныстық қатынаспен айналушылардың ИЕТ тобында да болуына және жыныстық қызметке сұраныстың жоғары болуына байланысты болашақта АҚТҚ-ның таралуында осы топтың маңызы артатынын болжауға болады.

Жастар алдыңғы екі топты толықтыратын халық тобын құрайды.

Ахуалды талдау, жастар мен жасөспірімдер арасында инъекциялық есірткіні тұтыну мен қауіпті жыныстық қатынастан бас тарту мотивациясының жоқ екенін көрсетті. Мұның өзі АҚТҚ-ның таралуы ықтималдылығын арттырады.

3. Бағдарламаны іске асырудың мақсаттары және оның міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты - АҚТҚ инфекциясының таралу барысын төмендете және Астана қаласының аумағында таралғандығын бір қалыпқа келтіру. Бағдарламаның негізгі міндеттері:

1. АҚТҚ-ның бас сатыға көшуін болдырмай оның шоғырлануы сатысында таралуын тұрақтандыру:

2005 жылдың сонында ИЕТ арасындағы АҚТҚ-ның таралуы қала бойынша тұтас алғанда, 5 пайыздан аспауы керек; бұл ретте АҚТҚ-ны жыныстық жолмен жүқтүрған адамдардың үлесі жүқтүру жолдарының құрылымында 20 пайыздан аспауы тиіс.

Бұл үшін қажет:

алдын алу бағдарламасына тұрақты тартылған ИЕТ-тің үлесін олардың бағаланатын санының 50 пайызына дейін арттыру;

алдын алу тұрақты тартылған КЖҚҚ-ның үлесін олардың бағаланатын санының 50 пайызына дейін арттыру;

індеп шоғырланған (екі жыныстың да ИЕТ және КЖҚҚ) топ өкілдерінің өз еркімен жасырын негізде кеңесу және тестілеу үшін қаралуын олардың бағаланатын санынан 50 пайызға дейін арттыру;

2. Халықтың ИЕТ және КЖҚҚ топтарының АҚТҚ жүқтүруына қатысты осал топтардың жастар арасындағы жаңа адамдармен толығуын азайту.

Бұл үшін қажет:

есірткінің және ретсіз жыныстық қатынастардың зиян екендігін, сондай-ақ АҚТҚ-ны жүқтүрудан қорғану шараларын түсіндіріп, білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

қауіпсіз жыныс қатынасы мен есірткісіз өмір сүруді көпшілікке түсіндіруге бағытталған жастар саясатын әзірлеу және жүзеге асыру.

3. АҚТҚ-сы бар адамдардың кемінде 80 пайызы олардың ықтимал байланысы деңгейін төмендететін медициналық және әлеуметтік бағдарламалармен қамтамасыз ету.

4. Бағдарламаның негізгі бағыты мен іске асыру тетігі

4.1. Құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру, мінез-құлқы қатерлі адамдар мен АҚТҚ инфекциясы бар адамдардың конституциялық кепілді құқықтары мен бостандықтарын қорғау

Алдын алу бағдарламалары үшін олардың неғұрлым ашықтығына қол жеткізу мақсатында ИЕТ, КЖҚҚ, және басқалары, сондай-ақ ЖҚТБ/АҚТҚ-сы бар адамдардың конституциялық құқықтарын және бостандықтарын қамтамасыз ету ЖҚТБ/АҚТҚ індегіне қарсы күрес - ең басты міндеттердің бірі болып табылады.

АҚТҚ-сы бар және мінез-құлқы қатерлі адамдардың әлеуметтік бейімділігіне қолдау көрсету, мемлекеттік және қоғам тарапынан оларға қажетті көмек көрсетілуі тиіс.

Құқықтық және құқық қорғау органдарының басымдықты іс-шаралары мыналар болуы тиіс:

- мінез-құлқының қатері жоғары топтарға тек шектеуші практикада ғана емес, олардың занды құқықтарын қорғауға бағыттау;
- олардың мінез-құлқының ықтимал қатерін ескере отырып, бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарды ЖҚТБ/АҚТҚ-ға профилактикалық бағдарламалармен қамтамасыз ету;
- АҚТҚ-сы бар адамдарды басқа адамдардан бөлөтін мемлекеттік актілердің тиімділігін талдау, соның ішінде бас бостандығынан айыру орындарында да.

4.2. Мемлекеттік құрылымдар және халықтың мінез-құлқы қатерлі топтары арасында түсіністік пен қолдау көрсету қарым-қатынастарын қалыптастыру

АҚТҚ ауруының өсуін, негізінен есірткіні инемен қабылдаушы және жыныстық өмірдің тәртіпсіз түрімен айналысатын адамдар айқындаиды. Осы адамдардың бәрі оларға қатысты көлеңкелі қарым-қатынас салдарынан

мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардан жасырынуға ұмтылады. Сондықтан, халықтың басым топтарының өкілдері білім беру және ақпараттық бағдарламалар алмайды, кейбіреулері ЖҚТБ/АҚТК және оның алдын алу жолдары жайлыш хабарсыз болып қалады.

Осы топтармен байланыс орнату, ЖҚТБ/АҚТК мәселелері бойынша олардың қулағдарлығын арттыру және қауіпсіз мінез-құлқыты таңдауды ынталандыру жедел шара болып табылады.

Бұл мәселелерді іске асыру үшін:

- психологиялық-әлеуметтік қолдау көрсету функцияларымен бірге шприцтер алмасу, қорғау құралдарымен және ақпараттармен жабдықталған сенім пункттерінің жүйесін дамытуы;

- жергілікті әлеуметтік қызметтер, сондай-ақ ЖҚТБ профилактикасы және есірткіге қарсы күрес қызметкерлерінің қызмет басымдықтары ретінде ИЕТ-пен дала жұмысын жүргізу, ішкі еңбек ресурстарын қайта бөлу есебінен осы қызмет түрімен айналысатын қолда бар бөлімшелерді ныгайту;

- жүртшылықты халықтың мінез-құлқы қатерлі топтарына арналған профилактикалық бағдарламаларды қолдауын қамтамасыз етуге жұмылдыруы, ИЕТ-пен КЖҚҚ-ны профилактикалық бағдарламаларға тартуға бағытталған олардың қызметіне үкіметтік емес үйымдардың қолдау көрсетуі;

- АҚТК-сы бар адамдармен қарым-қатынас орнату, оларды АҚТК індегі профилактикасы жөніндегі жұмыстарға тарту;

- көпшілік акциялар, оның ішінде АҚТК жүктырған және ЖҚТБ-мен ауыратындардың пайdasына қайырымдылық акцияларын жүргізу;

- КЖҚҚ болып табылатын, есірткі пайдаланушы, қорғанышсыз жыныстық қатынасқа түсетін АҚТК-сы бар адамдардың, олардың клиенттерінің ішіндегі жолбасшы топтардың құрылудына ерекше назар аудару;

- профилактикалық бағдарламаларды беру есебінен олардың мінез-құлқын езгертуге көмек көрсету қажет.

4.3. ЖҚТБ/АҚТК проблемаларын дұрыс қабылдауға әсер ететін ақпараттық орта жасау және білім бағдарламаларын өмірге енгізу

АҚТК жүктыруға әкелетін халықтың мінез-құлқына қарсы әрекет ету бүгінгі күні АҚТК-ға қарсы күрестің негізгі құралы болып табылады (АҚТК-мен ластанған инъекциялық құралдарды және ерітіндіні қолдану, қорғанышсыз жыныстық қатынасу) осыны іске асыру үшін мынадай іс-шараларын орындау қажет:

- орта және жоғары, кәсіби-техникалық оқу орындарының оқу жоспарына "ЖҚТБ және оның алдын алу мәселесіне" арналған бағдарламаны енгізу;

- Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері мен Ішкі істер министрлігінің жеке құрамын, сондай-ақ пенитенциарлы мекемелердегі адамдарды АҚТҚ және ЖЖБИ тарапуын алдын алуға үйрету;

- көпшілік оқырмандарға арналған ақпараттық материалдарды әзірлеу және басып шығаруды қамтамасыз ету;

- жастар арасында беделі зор мәдениет, спорт өкілдерін жұмылдыру арқылы есірткіге қарсы жастар науқандарын өткізу.

4.4. Медициналық қызметті, медициналық және тазалық мақсаттағы бұйымдардың сапасын бақылауды, ЖҚТБ/АҚТҚ індегіне байланысты ахуалды бағалау мен мониторинг ұйымдастыру

АҚТҚ көзқарасынан алғанда, оларды қауіпсіз енгізу әдістеріне, есірткін инъекциялық қолданатын адамдарды оқыту жөніндегі шараларды қабылдауы.

ИЕТ-ті тазартылған бір жолғы шприцтермен, инелермен, презервативтермен, дезинфекциялау құралдарымен жарақтандыру;

- барлық мемлекеттік емдеу-профилактикалық ұйымдарда, олардың еншісіндегі және одан тыс жерлерде қолдана отырып ИЕТ-тер үшін сенім пүнкттерін ұйымдастыру;

- дерматология және жыныс қатынасы ауруларын алдын ала емдеу орталығы жұмысын қайта құру, әлсіз топтар өкілдерін ЖЖБИ және АҚТҚ/ЖҚТБ-ның алдын алу жайлы ақпаратпен, білім беру бағдарламаларымен, презервативтермен қамтамасыз ету;

- медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде барған орны бойынша

барлық медициналық ұйымдарда ЖЖБИ ауруларын синдромдық тәсілді енгізуін

қамтамасыз ету;

- жасырын тестілеу және кеңес беретін кабинеттер желісін кеңейту;

- мінез-құлық және биологиялық көрсеткіштерін қолданумен АҚТҚ инфекциясына дозорлық эпидемиологиялық бақылаудың ұлттық хаттамасын енгізу;

- АҚТҚ-сы бар адамдарды, оның ішінде жүкті әйелдер мен балаларды этиотроптық емдеу үшін емдеу-профилактикалық мекемелерін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету;

- қоздырғышқа қарсы емдеуді қамтамасыз ету үшін АҚТҚ-сы бар адамдардың басым топтарын айқындау.

4.5. ЖҚТБ/АҚТҚ жөніндегі алдын алу бағдарламаларын басқаруды,

Үйлестіруді және орындауды ұйымдастыру

ЖҚТБ/АҚТҚ таралуына қарсы тұрудың тиімді бағдарламалары көпсекторлы сипатта болуы қажет:

- қалалық денсаулық сақтау департаменті хатшылық қызметін атқарып, келесі іс-әрекеттерді жасауға тиіс;

- бекітілген жоспарды өмірге енгізу жөніндегі үйлестіру комитетінің (кеңесі) практикалық қызметін қалыптастыру және қамтамасыз ету. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығының штаттық нормативтерін, оларға заңгер кеңесші, социолог, жоспарлау және болжау жөніндегі экономист, педагог, БАҚ және көпшілікпен байланыстар жөніндегі маман (журналист) лауазымдарын енгізіп, қайта қарау және бекіту.

ЖҚТБ Орталығында келісім-шарт негізінде ерікті түрде жалданушылардың жұмыс істеуіне қаражат бөлуді қарастыру;

қалалық әкімияттың жаңынан саяси сипаттағы ұсынымдар әзірлеу жөніндегі Үйлестіру комитетін құры.

Әкімияттың әр департаментінің, басқармаларының, құрамына төрт техникалық топ кіретін ЖҚТБ/АҚТҚ алдын алу іс-шараларына жауапты адамдар бөлінушілікке тиіс:

- құқықтық қатынас және құқықты қолдану практикасын талдау және жетілдіру жөніндегі топ;

- бұқаралық ақпарат, білім беру, қорғаныс, жастар істері жөніндегі комитет, мәдениет өкілдері;

- қаржы, әлеуметтік қорғау департаменттерінің өкілдері кіретін экономикалық мәселелері жөніндегі топ;

- денсаулық сақтау департаменті мен ведомстволық қызметтер өкілдері кіретін денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі үйлестіру комитеті АҚТҚ инфекциясының эпидемиологиялық процесін өрбүйне сәйкес бағдарламаларды қайта бағалау жоспарымен қарастырылған іс-шараларды жүзеге асыруына тұрақты бақылау жүргізеді.

Өткізіліп жатқан іс-шаралардың тиімділігін бағалау келесі шарттар арқылы жүргізіледі:

- бағдарламаның жекелеген нақты іс-шараларын орындау, бағдарламалық көрсеткіштерге жету;

- жастар мен мінез-құлқы қатерлі адамдардың ЖҚТБ/АҚТҚ жайлы білімін, мінез-құлқын өзгерту;

- ұзақ мерзімді іс-шараларды орындау (сенім пункттерінің жұмысы,

емдеуді қамтамасыз ету және басқа да мәселелер).

5. Қаржыландырудың қажетті ресурстары және көздері

Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету осы Бағдарламаны іске асыруға бөлінетін қалалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Бағдарламаның жекелеген іс-шараларын іске асыру барысында халықаралық ұйымдардың, демеушілердің және гранттардың қаржылай көмегі қажет.

2002-2005 жылдар аралығындағы Бағдарламаны іске асыру:

қалалық бюджет қаржысынан;

халықаралық ұйымдар қаржысы есебінен жүзеге асырылатын болады.

Астана қаласында ЖҚТБ-ның індегі көзінде 2002-2005 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыруға қалалық бюджеттің болжамды қаржылық шығындары (млн. теңге).

Жылдар	Қаражат				Барлығы
	2002	2003	2004	2005	
Қалалық бюджет	2701,3	2902,8	2902,8	2902,8	11409,7

2002-2005 жылдардағы шараларды іске асыру үшін қажетті қалалық бюджет қаражатының көлемін тиісті қаржы жылына бюджетті өзірлеу кезінде қалалық әкімиятпен айқындалады.

2002-2005 жылдарға арналған болжамды қаржылық шығындарға әр жылы бюджетті қалыптастыру кезінде түзету енгізіледі.

6. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

1. АҚТҚ инфекциясының таралу қарқынын бәсекесіту және оның көп таралғандығын тұрақтандыру.

2. АҚТҚ-ға қарсы қауіпсіздік іс-шараларын жетілдіру, оның ішінде: жастар, инъекциялық есірткілерді тұтынушылар және коммерциялық жыныстық қатынас қызметкерлері арасында презерватив қолдануды арттыру.

3. Жас нәрестелердің АҚТҚ жүқтүрүү қаупін бәсекесіту.
4. Салауатты өмір салтын белсенді насихаттау арқылы жастардың моральдық-этикалық мінездемесіне позитивті өзгерістер енгізу.

7. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары

N Ic-шаралар Аяқтау Жауапты Орындау 2002-2005 Күтілетін
p/c қалпы орындау. мерзімі жылдарға нәтиже
шысы арналған
каржылан.
дыру көзі
(мың теңге)

I. Әкімшілік-құқықтық және әлеуметтік іс-шаралар

1. АҚТҚ медициналық Ұсыныстар Денсаулық 2002 жыл Қажет емес Заңна. куәландыру ережеле. сақтау депар. малық ріне және ЖҚТБ ауру. таменті, Ас. базасын ының алдын алу туралы қаласы құру Қазақстан Респуб. ЖҚТБ-нің ал. ликасы Заңына енгі. дын алу және зілетін өзгерістер оған қарсы жайлыш ұсыныс дайын. күрес жөнін. дау. дегі орталық
2. ЖҚТБ-ның алдын алу Астана Астана қаласы 2002 Қажет емес АҚТҚ ин. жөніндегі қалалық қаласы денсаулық жылдың фекциясы. Үйлестіру комитетін әкімінің сақтау депар. 1 тоқ. ның ал. құру және оның жү. өкімі таменті саны дын алу мыс жоспарын іс-шара. бекіту. ларын күшету
3. "Адамның иммунитет Ic- Астана Үнемі Қажет емес Әлеумет. тапшылығы вирусын шаралар, қаласы тік жүқтүрган тұлға. денсаулық денсаулық қорғау ларды әлеуметтік сақтау сақтау қорғау бөлігіндегі департа. департа. ЖҚТБ ауруының ментінің менті

алдын алу туралы" бұйрық.
Қазақстан Респуб. тары
ликасының 1994
жылғы 5 қазандағы
Заңының орындалуын
бақылауды
қамтамасыз ету.

4. Сенім телефонын Денсаулық Астана 2002 2002 жылғы Халықты үйымдастыру сақтау қаласы жылдың смета ақпарат.

департа. ЖҚТБ-нің IV шығыны тандыруды
ментінің алдын алу тоқсаны бойынша арттыру
бұйрығы және оған 50,0
қарсы
күрес
жөніндегі
орталығы

5. Астана қаласы Үйлестіру Денсаулық Жылына Қажет емес Мекемелер ЖҚТБ-ның алдын комитет. сақтау 2 реттен мен үйым.
алу және оған інің департа. кем емес дар жұмы.

қарсы күрес шешімі менті, сын
жөніндегі Астана нығайту
Үйлестіру қаласы
комитеті ЖҚТБ-нің
отырыстарын алдын алу
өткізу. және оған
қарсы күрес
жөніндегі
орталығы

II. АҚТК/ЖҚТБ проблемалары бойынша білім беру бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар

1. Қалалық ЖҚТБ-мен Курстарды Денсаулық 2002-2005 Қажет емес күресу және оның өткізу сақтау жылдар
алдын алу орта. жоспары департа.
лығының жанындағы менті,
тұрақты курсар. ЖҚТБ-нің

ында мынандай алдын алу
мамандарды және оған
дайындау қарсы күрес
жөніндегі
орталығы

а) АҚТҚ инфекция. Семинар, Астана
сының себептерін әдістеме. қаласы
диагностикалау, лік ЖҚТБ-нің
ЖҚТБ-сы бар әдебиет алдын алу
адамдарды емдеу және оған
мен лаборатория. қарсы күрес
лық тексеруден жөніндегі
өткізу, диагнос.
тикалау мәселе.
лері бойынша
амбулаториялық
-емхана
мекемелерінің
дәрігерлері

б) АҚТҚ-ның Семинар, Астана
аурухана ішінде әдістеме. қаласы
жұфуын алдын алу лік ЖҚТБ-нің
үшін дезинфек. әдебиет алдын алу
циялыш-стерили. және оған
зациялыш және қарсы күрес
індекте қарсы жөніндегі
күресуді орталығы
қамтамасыз ету
үшін орта
медицина
қызметкерлері

в) Пенитенциарлы Семинар, Астана
мекемелерде әдістеме. қаласы
АҚТҚ жұқтырудың лік ЖҚТБ-нің
алдын алу әдебиет алдын алу
мәселесі бойынша және оған

2002-2005 Қажет емес АҚТҚ ин.
жылдар фекциясын
диагнос.
тикалауын
ұлғайту,
АҚТҚ-сы
бар адам.
дар ден.
саулығын
жақсарту

Үнемі Қажет емес АҚТҚ-ның
аурухана
ішінде
жұфуын
ескерту

Үнемі Қажет емес АҚТҚ
жұфуын
ескерту

ІІМ, ҰҚҚ
мекемелерінің
дәрігерлері мен
орта медициналық
қызметкерлерін

қарсы күрес
жөніндегі
орталығы

г) АҚТҚ-инфекциясын Семинар, Астана
алдын алу әдістеме. қаласы
жөніндегі әуе лік ЖҚТБ-нің
және темір жол әдебиет алдын алу
көлігінде және оған
санитарлық-бақылау қарсы күрес
пунктінің жөніндегі
дәрігерлері, орталығы
АҚТҚ-ға жеке
топтарды міндетті
турде тестілеу
бойынша

Үнемі Қажет емес АҚТҚ
жұғуын
ескерту

д) АҚТҚ инфекциясын Семинар, Астана
алдын алу әдістеме. қаласы
мақсатында тіс лік ЖҚТБ-нің
емдеу және тіс әдебиет алдын алу
дәрігерлік және оған
кабинеттер қарсы күрес
мамандарын жөніндегі
орталығы

Үнемі Смета АҚТҚ
шығыны жұғуын
шегінде ескерту
64,0

е) АҚТҚ-ның Семинар, Астана Үнемі Қажет емес АҚТҚ
анадан балаға әдістеме. қаласы жұғуын
таралуының алдын лік ЖҚТБ-нің
алу үшін перzent. әдебиет алдын алу
хана акушер-гине. және оған
кологтары мен қарсы күрес
бала дәрігерлері жөніндегі
орталығы

ескерту

ж) Жалпы білім Семинар, Білім Үнемі Смета Білім беру
беретін әдістемелік департаменті, шығыны жұмысы

мектептердің әдебиет жоғары оқу шегінде тиімділі.
мұғалімдері, орындары 248,0 гін
кәсіби мектептер. арттыру
дегі, орта және
жоғары оқу
орындарының
оқытушылары

з) АҚТК/ЖҚТБ Семинар, ЖҚТБ Үнемі Қажет емес Білім беру
мәселелері әдістемелік орталығы, жұмысы
жөніндегі теле. әдебиет экімияттың тиімділі.
радиобағдарлама, баспасөз гін
газет журналис. қызметі арттыру
терін

2. ЖҚТБ мәселелері Жоғары оқу Білім Оқу Оқу Қатерлі
және оның алдын орындарының департаменті, жылдының орындары мінезд-
алу туралы білім беру жоғары оқу ішінде бюджет. құлқын
арнайы бағдар. департамент. орындары інің қауіпсізге
ламалар бойынша тінің Жыл шегінде өзгерту
мектептерде, бұйрығы сайын
кәсіптік
техникалық
мектептерде,
орта және жоғары
оку орындарында
АҚТК/ЖҚТБ-ның
алдын алу
мәселелері
бойынша оқыту
сабактарын
оку жоспарларына
енгізу.

3. Мектептердің, Бұйрық Білім беру Оқу Институт Оқытушы.
орта және жоғары жүйесіндегі жылдының бюджет. лардың
оку орындары кадрлардың ішінде інің кәсіби
оқытушыларының біліктілігін шегінде білімдерін
біліктілігін арттыру Жыл жоғарылату

арттыру және қайта сайын
курстарының оку даярлау
бағдарламаларына институты
ЖҚТБ мәселелері
және оның алдын
алу бағдарламасы
бойынша АҚТК/ЖҚТБ
-ның алдын алу
мәселелерін
зерттеуді енгізу.

4. Пенитенциарлық Астана Ішкі істер 2002-2005 Қажет емес Білім беру жүйеде алдын алу қаласы басқармасы жылдар жұмысы ти.
жұмыстарын жүргізу ішкі імділігін
үшін жеке құраммен істер арттыру
бас бостандығынан басқарма.
айрылған, сының
емделуге өз бүйрығы
еркімен ниет
білдірген адам.
дарды ұйымдастырып,
оларды қажетті
әдебиетпен
қамтамасыз ету.

5. Астана қаласында Ақмола Ақмола 2002-2005 Қажет емес АҚТК орналасқан әскери аймақтық аймақтық жылдар таралуын бөлімдер мен оку гарнизоны гарнизоны ескерту орындарының әскери бастығының
қызметкерлерін бүйрығы
АҚТК/ЖҚТБ-ның
алдын алу жөнінде
оқытуда, кешенді
іс-шаралар жүргізуді
және қорғаныш
құралдарымен
жабдықтауды
қамтамасыз ету

III. АҚТҚ инфекциясын алдын алу мәселелері бойынша халықпен жүргізетін ақпараттық-ағарту жұмысы

1. Ағарту әдебиетін Сюжеттерді Астана Үнемі Смета Қауіпсіз шығару: әзірлеу қаласы шығыны мінез-құлышкында туралы 1600,0 халықтың қосымша ақпараттан. қаржы. дырылуын ландыру арттыру
шығыны мінез-құлышкында туралы 1600,0 халықтың қосымша ақпараттан. қаржы. дырылуын ландыру арттыру
шығару: әзірлеу қаласы шығыны мінез-құлышкында туралы 1600,0 халықтың қосымша ақпараттан. қаржы. дырылуын ландыру арттыру
плакаттар ЖҚТБ-нің шегінде алдын алу 1600,0 халықтың қосымша ақпараттан. қаржы. дырылуын ландыру арттыру
үндеулер алдын алу 1600,0 халықтың қосымша ақпараттан. қаржы. дырылуын ландыру арттыру
кітапшалар және оған қаржы. дырылуын ландыру арттыру
дәріқағаз қарсы күрес қаржы. дырылуын ландыру арттыру
бланкілері жөніндегі 679,2 қаржы. дырылуын ландыру арттыру
орталығы 679,2 қаржы. дырылуын ландыру арттыру
2. АҚТҚ/ЖҚТБ-ның Сценарийді Астана Үнемі Қосымша Аурудың алдын алу әзірлеу қаласы қаржы. белгілері
жөнінде ЖҚТБ-нің ландыру мен оны 216,0 алдын алу
бейнеорамдар, алдын алу тәсілдері
бейне-роликтер және оған жөнінде
жасау (клип, қарсы күрес жөніндегі халықтың
ролик). қаржы. ақпарат.
орталығы 679,2 қаржы. дырылуын
тылдырылуын
көтеру
3. АҚТҚ/ЖҚТБ Телехабар Астана Әкімият Қажет Халықтың мәселесі қаласы жұмысы. емес ақпарат.
жайында әкімият әкімиятының ның тылдырылуын
басшыларымен, баспасөз- жоспары көтеру
қала басқармасы қызметі бойынша
қызметкерлерімен жылына
дөңгелек стол бір рет
өткізу
4. "АҚТҚ инфекция. Хабарлау Телебағдар. Үнемі Демеушілік Халықтың сының алдын алу ұйымы лама көмек ақпарат.
жолдары" атты редакциясы қаражаты тылдырылуын
тікелей есебінен көтеру
телехабар өткізу
5. Үгіт-насихат Дискоте. Денсаулық Жылына Демеушілік Қатерлі

әдісімен калар, шоу сақтау де. 1 рет көмек мінез-
АҚТК/ЖКТБ-ның бағдарла. партаменті, барлық қаражаты құлқын
алдын алу жұмысын малар мәдениет де. мәдениет есебінен қауіпсіз
дамыту: шоу, партаменті мекеме. мінез-
дискотекалар. лерінде құлыққа
Кітапханалар өзгерту
жұмысын дәстүрлі
түрде тәжірибе.
лендіру:
сұхбаттар,
ауызша әдеби
журнал,
тематикалық
сөрелер

6. Дүниежүзілік Денсаулық Денсаулық 1-желтоқсан Смета Қатерлі
ЖКТБ-мен күрес сақтау де. сақтау, Жыл сайын шығыны мінез-
күнін өткізу партамен. мәдениет есебінен құлқын
тінің департа. 560,0 қауіпсіз
бұйрығы менттері, және мінез-
ЖКТБ қосымша құлыққа
орталығы демеу. өзгерту
шілік
көмек
қаражаты
есебінен

7. ЖКТБ мәселесі Бейнебағ. "АС ТВ" Айна Қосымша Халықтың
жөнінде дарламалар телеком. бір рет қаржы. ақпарат.
жергілікті көрсету паниясының ландыру тылдығын
теледидар басшылығы 1080,0 көтеру
арналарында (келісім
бейне бойынша)
материалдарын
жасап көрсету

8. Астана қаласы Мақалалар Астана қаласы Үнемі Қажет Халықтың
ЖКТБ орталығы жариялымы, ЖКТБ-нің емес ақпарат.
мамандарының сұхбат алдын алу тылдығын

АҚТК/ЖҚТБ	және оған	көтеру
мәселесі	қарсы күрес	
жөнінде	жөніндегі	
қалалық	орталығы	
баспасөз		
бетінде		
материалдарын		
жария ету		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК